

Ғылыми-теориялық журнал
Научно-теоретический журнал



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№3 (46) 2016

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖУРНАЛ
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№3 (46) 2016

Издается с января 2000 года

*Журнал поставлен на учет в Министерстве культуры, информации Республики Казахстан.
Свидетельство №13039-Ж от 20.09.2012 года (первичная постановка на учет – №969-Ж от 14 мая 1999 года).*

Главный редактор

Закирьянов Кайрат Кайруллинович – доктор педагогических наук, профессор, Президент Казахской академии спорта и туризма (Казахстан)

Зам. главного редактора

Хаустов Станислав Иванович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Редакционный совет

Андрущишин Иосиф Францевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Бабушкин Геннадий Дмитриевич – доктор педагогических наук, профессор, Сибирский государственный университет физической культуры и спорта (Россия)

Бектурганов Омиржан Ержанович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Beech John – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Кульназаров Анатолий Кожекенович – доктор педагогических наук, профессор, Национальный научно-практический центр физической культуры МОН РК (Казахстан)

Макогонов Александр Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Платонов Владимир Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Национальный университет физического воспитания и спорта Украины (Украина)

Chadwick Simon – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Richard Sharpley – доктор PhD, профессор, Университет Центрального Ланкастера (Великобритания)

Усин Жанат Амангельдинович – доктор педагогических наук, профессор, Павлодарский государственный педагогический институт (Казахстан)

Ханкельдиев Шер Хакимович – доктор педагогических наук, профессор, Ферганский физкультурный институт (Узбекистан)

Учредитель и собственник:

**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ
СПОРТА И ТУРИЗМА**

Адрес редакции:

г. Алматы, пр. Абая, 85/105
Телефон: 292-30-07

При перепечатке ссылка на журнал «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Теория и методика физической культуры» обязательна. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Компьютерде беттеген және мұқабасын безендірген

Айша Қалиева

ИБ №10347

Басуға 22.12.2016 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 6,5 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №119. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің
баспаханасында басылды.

Ответственный за выпуск: Изтлеуова Г.Е.

Решением Коллегии ВАК МОН РК от 2 апреля 2002 года журнал «Теория и методика физической культуры» включен в перечень научных изданий для публикации основных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА

Досқараев Б.М., Асқаров Н.Ә.

Қазақ тіліндегі спорт терминологиясының негізгі көздері,
терминжасам тәсілдері және оны тиімді пайдалану жолдары6

Иманбаева А.А.

Спорт әлеуметтануының теориялық проблемалары және
тұлғаны спорт арқылы дамытудың еліміздегі мүмкіндіктері 12

Худайбергенова Н.Т.

Ассоциативный метод обучения иностранному языку студентов-спортсменов 17

МЕДИКО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Маженов С.Т., Бекембетова Р.А., Макогонова Т.А., Степанов М.С., Егизбаева А.Н.

Динамика показателей лактата крови у юных футболистов при эргоспирометрии 22

Ерданова Г.С., Ұлықбекова А.О., Сатыбалдина А.Е., Нургожаева Д.М.

Гидрокинезотерапия мен сауықтыру гимнастикасын жүкті аналарға кешенді түрде қолдану 30

Babakov I.V., Akimov V.I., Kudashova L.R., Plahuta G.A.

Basic functional possibilities of organism of man and methods of their use of training of shooter 35

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Бабушкин Г.Д.

Психологическая подготовленность и успешность выступления
на соревнованиях высококвалифицированных спортсменов 46

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ

Шепетюк М.Н., Крушибеков Е.Б., Конакбаев Б.М., Тен А.В.

Интегральная оценка общей физической подготовленности высококвалифицированных дзюдоисток 53

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ

Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э., Новикова А.О., Павлова Е.В., Нечаева Л.Г.

Совершенствование скоростно-силовой подготовленности юных волейболисток
на этапе начальной подготовки 57

Бектурганов О.Е., Конакбаев Б.М., Сайтбеков Н.Д.

Инновация в подготовке элитных спортсменов с учетом их возраста
и результатов комплексного контроля 62

Бектурганов Ө.Е., Сайтбеков Н.Д., Қонақбаев Б.М.

Спорттық даярлау тәсілдерін студенттердің дене тәрбиесінде қолдану 66

Когут И.А., Ярмоленко М.А.

Рационализация учебно-тренировочного процесса футболистов специальных олимпиад 71

<i>Дельвер П.А., Плахута Г.А., Акимов В.И., Таранов В.В., Смаилова Т.М.</i> Участие казахстанских студентов во Всемирных зимних Универсиадах	78
<i>Мұхиддинов Е.М., Ахмадиев Т.М., Бекбаев Д.Б., Байырбеков А.Д., Муканбеков Қ.І.</i> WTF таеквондодағы аяқ сокқыларының техникасын тиімді орындау әдістемесі.....	82
<i>Бараев Х.А., Габдулов Э.Х., Ибрагимов А.Е., Карменов К.М., Нурышов Е.Б.</i> Применение средств восстановления и повышения работоспособности при подготовке спортсменок в женском боксе.....	85
<i>Сокирко С.Н., Алдаева Г.Ф., Минеева В.И.</i> Методика развития скоростно-силовых качеств спринтеров в подготовительном периоде годовичного цикла	90
<i>Кефер Н.Э., Марчук Р.Д., Нечаева Л.Г.</i> Развитие скоростно-силовой подготовленности баскетболистов 16-17 лет.....	93
Авторлар туралы мәлімет.....	99
Требования к оформлению статей.....	101
Мақала жазуға қойылатын талаптар	102

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ
В ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,
СПОРТА И ТУРИЗМА



Досқараев Б.М., Асқаров Н.Ә.

Қазақ спорт және туризм академиясы,
Спорт ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СПОРТ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ, ТЕРМИНЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Досқараев Б.М., Асқаров Н.Ә.

Қазақ тіліндегі спорт терминологиясының негізгі көздері, терминжасам тәсілдері және оны тиімді пайдалану жолдары

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі спорт терминдерінің негізгі көздері, олардың қалыптасу жай-күйі қарастырылған. Авторлар қазақтың спорт терминдерінің негізгі көздерін айқындап, оны термин шығармашылығында тиімді пайдалану жолдарын ұсынады. Сол секілді шет тілдерден спорт терминдерін қазақшаға аудару (баламалау) тәжірибесін талдау негізінде ондағы негізгі терминжасам тәсілдерінің классификациясын жасаған. Осыған сүйене отырып, авторлар қазақ тіліндегі спорт терминдерін қалыптастыру мен олардың қолданысын арттыруға байланысты практикалық және әдістемелік ұсыныстар тұжырымдаған.

Түйін сөздер: спорт терминологиясы, терминология жүйесі, терминжасам, терминжасам қағидадары, терминология қалыптастыру көзі, терминдену, терминологиялық сөздік.

Досқараев Б.М., Асқаров Н.А.

Основные источники спортивной терминологии на казахском языке, способы терминологического образования и пути их эффективного использования

Аннотация. Данная статья посвящена изучению вопроса формирования и развития спортивных терминов на казахском языке. Авторами выявляются основные источники спортивной терминологии, а также предлагаются пути эффективного использования их в терминопроизводстве. На основе анализа опыта перевода спортивных терминов с иностранного языка на казахский язык разработана классификация основных способов терминологического образования. Авторы, опираясь на богатый пласт эмпирических материалов, выработали практические и методические рекомендации.

Ключевые слова: спортивная терминология, терминологическая система, терминологическое образование, принципы терминопроизводства, источник формирования терминологии, терминологизация, терминологический словарь.

Doskaraev B.M., Askarov N.A.

The main sources of sports terminology in Kazakh language, the methods of term formation and effectively ways of usage

Abstract. This article is devoted to study the state of term formation and the sources of sports terms in Kazakh language. The author reveals the main sources of sports terminology, and suggests effectively usage of the ways of term formation. Also, the classification of the main methods of term formation, based on the analysis of the experience of translation sport terms from a foreign language into Kazakh language is given. Thus, based on the rich sheet of empirical materials, the author makes own conceptual judgment and practical recommendations.

Key words: sports terminology, terminological system, term formation, principles of terminology, source of terminology formation, terminologization, terminological dictionary.

Кіріспе

Елдің атын бүкіл әлемге танытумен қатар ұлт денсаулығын нығайтуда, отаншылдық сезімді қалыптастыруда, өскелең ұрпақтың ұлттық рухын оятып, ойы мен бойын қатар дамытып кемел етіп қалыптастыруда және жұртшылықты ортақ

мақсатқа жұмылдыруда спорттың алатын орны ерекше. Отандық тарихымызға бойласақ, елімізде ұлттық спорт өнерінің тамыры тереңде жатқанын аңғарамыз. Алайда Түрік қағанаты дәуірінен тартып бүгінгі күнге жетіп отырған ұлттық спорт өнерінің тарихына арналған танымдық, ғылыми сипаттағы еңбектер санаулы.

Спорт қазақ халқы үшін тың әрі таңсық өнер емес. Дәстүрлі қазақ спортының тарихы тереңде екендігін ғалымдар өз зерттеулерінде нақты деректер арқылы дәлелдеп көрсеткен [1]. Алғашқы спорттық ойындар мен жарыстар туралы деректерді біз Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен, орта ғасырлық түрік ғұламалары – әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, т.б. еңбектерінен де ұшыратамыз. Сол сияқты қазақтың бай ауыз әдебиеті де ұлттық спорттық ойындар бейнеленетін сансалалы сюжеттерге толы. Аттың құлағында ойнап, құралайды көзге атқан мерген де жауынгер халық үшін спорт арнайы айналысатын өнер ғана емес, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен біте-қайнасып кеткен өмір салты десек те артық айтқандық болмайды. Бұған айғақ боларлық ақпараттық деректерді біз ауыз әдебиеті үлгілері – мақал-мәтелдерден, лиро-эпостық жырлардан, ертегілерден, аңыздар мен әпсаналардан, жұмбақтардан, айтыстардан, т.б. алсақ, ал заттай дәйектерді дәстүрлі қазақ қоғамының күнделікті тұтыну құралдарынан тартып, көне қалалар мен қорғандардан табылған археологиялық жәдігерлерден табамыз. Сол сияқты қазақтың тұрмыс-тіршілігінде көне заманнан бүгінгі күнге дейін үзілмей жалғасып, қолданылып келе жатқан сан түрлі спорттық ойындар мен жарыстар да мол мағлұмат береді. Демек, қазақ тілінде төл спорттық терминдер жүйесі ежелден бері бар және ол әр кезеңде қолданысқа енген жаңа спорт түрлеріне орай толығып, молығып отыр деуге негіз жеткілікті.

Десек те, Кеңестік кезеңде білім жүйесінде, атап айтқанда орта білім беру мекемелерінен тартып жоғары оқу орындарына дейін, аспирантура мен докторантурада дене тәрбиесі мен дене шынықтыру пәндері негізінен орыс тілінде өтті, ғылыми-зерттеу жұмыстары орыс тілінде жүргізілді. Сондай-ақ, бұқаралық спорттық іс-шаралар да толықтай орыс тілінде өткізілгендіктен, кәсіпқой спорттық терминдердің қазақ тілінде қалыптасуы кенже қалғаны жасырын емес. Бұл мәселе тоқсаныншы жылдардан кейін оңала бастады. Қазақ тілінде спорт саласына арналған оқу құралдары, қос түрлі сөздіктер жазылып, дене шынықтыру пәндері қазақ тілінде өте бастады [2]. Арнайы спорт тақырыбына арналған бұқаралық ақпарат құралдары пайда болып, әртүрлі БАҚ-тар өз беттерінде спортқа арнайы бет, хабар арнады [3]. Спорт саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, бекітілді [4]. Мұның барлығы да қазақ тілінде спорт терминдерін қалыптастыруға

бағытталған оң үрдістер болғанына қарамастан, бұл салада әлі де шешімін таппаған күрделі мәселелер жеткілікті. Қазіргі кезде Қазақ спорт және туризм академиясында қазақ тілінде білім алатын студенттер топтары 70 (жетпіс) пайызға, ал оңтүстік және батыс облыстарда (Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау) 95 (тоқсан бес) пайызға жетіп отыр. Алайда қазақ тілінде білім алып жатқан осы топтарда спорт саласы бойынша қазақ тіліндегі оқу құралдары өте тапшы, тіпті жоқ деуге болады. Мысалы, спорт теориясы мен методологиясы, спорт медицинасы, спорт метрологиясы, спорт психологиясы, спорт тарихы, жекелеген спорт түрлері және т.с.с. бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдары жоқ. Сол сияқты спорттың әр түрлі салалары бойынша қазақ тілінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмейді. Мұның барлығы да, біріншіден, спорт саласы бойынша қазақ тілінде ғылыми терминологиялық толыққанды қалыптаспауына әсер етсе, екіншіден, спорт мамандығы бойынша қазақ топтарында білім алып жүрген шәкірттердің де жан-жақты білім алуына кедергі келтіріп жүрген күрмеулі мәселе екендігі сөзсіз.

Осы орайда ерекше назар аударуды қажет ететін тағы бір өзекті мәселе спорт саласы бойынша пәндердің мазмұны мен әдістерін жаңарту жайы. Орта мектептерде дене шынықтыру пәндерінің өтіп келе жатқанына 50-60 жыл болғанына қарамастан, аталған пәндердің мазмұны да, формасы да, әдістемесі де сол қалпында қалып отыр. Спорт саласы бойынша соңғы ғылыми-зерттеулер нәтижелері, жаңадан пайда болған технологиялар мен қазіргі заман талабынан туындап отырған инновациялық құндылықтар орта мектептердегі спорт пәнінің бағдарламаларына енгізілмей қалу да. Алдағы уақытта осы мәселеге айрықша көңіл бөліп, спорт саласы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерді қазақ тіліне аудару және қазақ тілінде зерттеулер жүргізуге басымдық беру қажеттігі ерекше маңызды.

Сондықтан қазақ тілінде спорт терминдерінің қалыптасу жолдарын қарастыру және осы саладағы термин шығармашылығын жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдаудың өзектілігі айқын.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілінде спорт терминдерінің қалыптасу мәселесін нақты эмпирикалық материалдар негізінде талдап, оның болашағына қатысты болжамдар мен ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақ тіліндегі спорт терминдерінің көздерін анықтау.

2. Спорт терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктерін зерттеу.

3. Терминологиялық сөздік материалдары негізінде спорт терминдерінің қазақ тіліне аударылу, баламалану тәсілдерін талдау.

4. Аударма арқылы терминжасам тәсілдерінің түрлерін жіктеу.

5. Қазақ тілінде спорт терминдерін қалыптастыру мен оларды қолданысқа ендіруге қатысты тұжырымдар қорытып, ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері. Лингвистикалық әдістер, терминжасам, этимология, сөздік түзу (лексикография) принциптері, контент-анализ, жиілік тәсілі, т.б.

Зерттеу нәтижесі. Белгілі бір саланың терминологиялық жүйесінің қалыптасуы ұзаққа созылатын және үздіксіз жүріп отыратын процесс. Заман талабына сай пайда болған және өмір шындығы ұсынған жаңа құбылыстар мен өзгерістер өзіне лайықты және оның мәнін дәл де нақты бейнелейтін арнаулы сөздер тізбегін ендіріп отыруды қажет етеді. Сол сияқты ел-аралық мәдени, ғылыми, іскерлік және т.б. салалардағы байланыстардың артуы және қарқын алуы осы ауыс-түйіс арқылы енген жаңалықтарды да тілдік аударма арқылы баламалауды туындататыны талассыз ақиқат. Бұл жағдайдың, әсіресе, жаһандану барынша қанат жайып, өріс алған қазіргі кезеңде тіпті те өзектілігі артып отыр. Осы орайда белгілі бір тілдегі терминологиялық сөздік қорды байытуда аударманың алатын орны айрықша және қосар үлесі зор. Осында айтылған жайттар спорт саласына да тікелей қатысты. Спорт терминдер жүйесі де үнемі толығу, молығу және қалыптасу үстінде болады. Осы салаға қатысты ақпараттық деректер мен заттай дәйектерді талдау негізінде қазақ тіліндегі спорт терминдері жүйесінің мынадай көздері анықталды:

1) төл ұлттық спорт ұғым-түсініктері мен терминдері;

2) спортқа арналған ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық әдебиеттер (монографиялық, диссертациялық зерттеулер, оқулықтар, оқу құралдары);

3) спорттық басылымдар материалдары;

4) спорт саласы бойынша сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар;

5) спорт саласы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) материалдары;

6) спорт саласы бойынша нормативтік-құқықтық және стратегиялық-концептуалдық құжаттар (заңдар, ережелер, стандарттар, стратегиялар, бағдарламалар, концепциялар, өлшеу жүйелері, т.б.).

Осында келтірілген терминжасам көздері негізінде белгілі бір атау сөздердің терминдену процесі жүреді. Нәтижесінде «кәсіби терминология әдетте белгілі практикалық мұқтаждыққа, күнделікті қажеттілікке орай пайда болады. Әдеби тіл мен оның функционалдық стильдері пайда болмастан бұрын кәсіби лексика өзінше табиғи түрде жасалып отырады, кейде тіпті оның әрқилы жергілікті (территориялық) қосарлары (варианттары) да қабаттаса жүреді. Арнаулы әдебиеттердің пайда болуы сөздік құрамның бұл саласының дамуына жаңа бір леп қосады, яғни дамудың басқаша арнасына түседі. Ол белгілі бір мақсатқа орай саналы түрде жасалған терминдермен толығырақ бастайды. Бұлардың негізгі көпшілігі нақты, тұрақты мағыналығымен, стандартталуымен ерекшеленеді» [5, 9-б.]. Бұл ретте қазақтың терминолог ғалымы Ө. Айтбайұлы салалық терминдердің табиғи арнамен туындау, өрбу процесінің барысына тоқталған. Сонымен қатар, белгілі бір елде пайда болып, дамыған құбылыстың немесе саланың басқа бір елге таралуы барысында аталған құбылысты немесе саланы екінші бір тілде баламалау қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Бұған аударма көмекке келеді. Тәржімалау тәжірибесі нәтижесінде белгілі бір тілде қалыптасқан түпнұсқа терминдер әлем халықтарының тілдеріне еркін таралуына, сөйтіп сол саланың дамуына әрі терминологиялық лексикалық қорының ары қарай жетіле түсуіне серпін береді.

Терминдер жүйесінің қалыптасуына ғылыми зерттеулермен қатар салалық терминологиялық сөздіктер түзудің де әсері мол. Соңғы жылдары елімізде спорт тақырыбын қамтыған осындай бірқатар сөздіктер жарық көрді. Атап айтсақ, тарих ғылымдарының докторы – Базарбай Төтенайдың орысша-қазақша спорт атауларының сөздігі (1994 ж.), белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайдың «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігі» (2001 ж.). Сондай-ақ, Ө.Ш. Жолымбетов пен А.Қ. Құлназаровтың құрастыруымен жарық көрген «Спорт терминдерінің түсірдірме сөздігін» (қазақша-орысша, орысша-қазақша, 2009 ж.) [6] атауға болады. Жоғарыда келтірілген алты бастау (источник) негізінде дене тәрбиесі мен спорт терминдерін барынша мол қамтыған еңбек болғандықтан, осы сөздікке кеңірек тоқталмақпыз.

Бұл сөздікте спорт саласының 2500-дей термині мен ұғымына қазақ және орыс тілдерінде түсіндірме берілген. Сондай-ақ, атау сөз ретінде алынған терминдердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламалары да қатар келтірілген.

Осынау терминдер мен терминдік тіркестердің, ұғымдар мен қалыптасқан тіркестердің қазақ тілінде жасалу тәсілдерін орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып, талдау жасауға мүмкіндік бар. Терминжасам әдістемесіне сүйене отырып, сөздікте келтірілген қазақ тіліндегі терминдердің табиғатын қарастырайық.

Талдау нысанына айналып отырған сөздікте шет тілінен спорт терминдерін қазақ тілінде баламалауда мынадай тәсілдер қолданылған:

- шет тіліндегі ұғымның қазақ тіліндегі нақты баламасын беру;
- шет тіліндегі ұғымды қазақ тілінің заңдылығына сай аудару;
- калька аударма;
- шет тіліндегі ұғымға қазақ тілінде жаңа (жасанды) балама беру (жаңа сөз тудыру);
- ұғымның шет тіліндегі түбір нұсқасын қалдырып, оған ана тілінде қосымша жалғау;
- ұғымды негізгі тілде қандай болса, сол қалпында өзгеріссіз қабылдау;
- терминдік тіркестің бір сыңарының аударылуы;
- шет тіліндегі ұғым-атауды сипаттап аудару;
- Қазақтың дәстүрлі спорт терминдерін сол қалпында беру;
- шет тіліндегі атау сөзді қазақ тілінің дыбыс заңдылығына сай жазу.

Енді осыған мысал боларлық үлгілерді Ө.Ш. Жолымбетов пен А.Қ. Құлназаровтың құрастыруымен жарық көрген «Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігінен» келтіріп, талдап көрелік.

1. Шет тіліндегі ұғымның қазақ тіліндегі нақты баламасын беру

- Гигантские шаги – ағашаяқ
- Гавань – айлақ
- Перевал – асу
- Скачки – атшабыс
- Трензель – ауыздық
- Привал – аялдау
- Качели – әткеншектер
- Скалиоз – бүкір
- Врач – дәрігер
- Навык – дағды
- Гонг – дабыл
- Щит – қалқан

2. Шет тіліндегі ұғымды қазақ тілінің заңдылығына сай аудару

Работа перед зеркалом – айна алдында жаттығу.

Отвлекающие действия – алдарқату қимылдары

Обманный удар – алдап ұру

Конское снаряжение – ат әбзелдері

Выездка – ат жарысы

Беговой круг – ат шабатын айналым

Расслабление – босансу

Физическое упражнение – дене жаттығулары

3. Калька аударма

Груша – алмұрт (сөздіктің тағы бір жерінде груша – тұлып деп аударылған. Біздіңше, осынау тұлып сөзі сәтті шыққан секілді).

Груша пневматическая – ауа толтырылған алмұрт (?)

Семиборье – жетісайыс

Встреча товарищеская – жолдастық кездесулер

Гибкость – иілгіштік

4. Шет тіліндегі ұғымға қазақ тілінде жаңа (жасанды) балама беру (жаңа сөз тудыру)

Гири спортивные – батпантас

Юксы – бекітпе

Перекладина – белтемір

Маска – бетперде

Разминка – бойжазба

Лапа (боксерская) – (бокшының) алақаншасы

Жгут – бұрама

Зигзаг – бұраңдама

5. Ұғымның шет тіліндегі түбір нұсқасын қалдырып, оған ана тілінде қосымша жалғау

Абсолютный рекорд – абсолютті рекорд

Абсолютный чемпион – абсолютті чемпион

Авиомодельный спорт – авиамодель спорты

Белки – белоктар

Активный спортсмен – белсенді спортшы

Боксер – бокшы

Радиокоды – радиокодтар

Радиоклубы – радиоклубтар

6. Ұғымды негізгі (түпнұсқа) тілде қандай болса, сол қалпында өзгеріссіз қабылдау

Автомотородром – автотородром

Айкидо – айкидо

Буер – буер

Волейбол – волейбол

Футбол – футбол

Гид – гид

Гамбит – гамбит

Гол – гол

7. Шет тіліндегі терминдік тіркестің қазақ тіліне бір сыңарының аударылуы

Автострада – автодаңғыл

Дорожка акробатическая – акробатикалық жол

Бревно гимнастическое – гимнастикалық бөрене

Бег гимнастический – гимнастикалық жүгіру

Сборная команда – құрама команда

Марафонский бег – марафондық жүгіріс

Олимпийская пресса – олимпиялық баспасөз

Фотофиниш – фотомәре

8. Шет тіліндегі ұғым-атауды сипаттап (түсіндірмелі) аудару

Блесение – алдайтын жем

Воздухоплавательный спорт – әуеде қалықтау спорты

Высокогорный каток – биік таулы мұз айдыны

Окружности – дене мүшелерінің шеңбері

Мегафон – дыбыс күшейткіш

Дистанциометр – қашықтық өлшеуіш (калька аудармаға да келеді)

Допинг – қоздырғыш

Триплет – қосарлап ұру

Кроль – құлаштап жүзу

Сдвоенный выстрел – қосарлап ату

Спасательный жилет – құтқару күртешесі

9. Қазақтың дәстүрлі спорт терминдері

Аламан-байга – аламан бәйге

Асық – асық

Ат жегу – ат жегу

Джигитовка – ат құлағында ойнау

Ат омырауластыру – ат омырауластыру

Аударыспак – аударыспак

Джабе – жабы

Жекпе-жек – жекпе-жек

10. Шет тіліндегі атау сөзді қазақ тілінің дыбыс заңдылығына сай жазу

Гир – гір.

Көрнекі үлгі ретінде сөздіктен іріктелініп алынған мысалдардан көріп отырғанымыздай, сөздік түзуші ғалымдар қазақ тілінде спорт терминдерін баламалау және оларға мағыналық түсіндірме беру бойынша барынша еңбектенген. Әрине, сөздік жасау, әсіресе, әрбір терминге қазақ тілінде балама беру мен оларға түсіндірме беру табанды еңбекті, талмай ізденісті және тиісті біліктілік пен білімді қажет ететіні даусыз. Авторлар осынау талап үдесінен шыға алған. Сөздік жасау бойынша алғашқы тәжірибелер болғандықтан, сөздіктерге қойылатын бірқатар талаптардың сақталмағандығы да байқалады. Атап айтқанда, сөздік түзгенде арнайы критерий-өлшемдер белгіленіп, атау сөздер соған сәйкес іріктелініп алынуға тиіс. Яғни, сөздік арнайы жүйеге сүйенуі керек. Сөздікке терминдерді енгізіп, оларға түсіндірме бергенде авторлар арнайы іріктеу талаптарын белгілеп, соларды басшылыққа алғанда сөздіктің құндылығы мен ғылыми сипаты бұданда гөрі арта түсер еді деп ойлаймыз.

Сөз жоқ, аударма – тілді дамыту және байыту құралы. Бұл ретте терминжасамның тиісті мамандар тарапынан тұжырымдалған бірқатар принциптеріне назар аударған орынды. Солардың бірі академик Ә. Қайдар ұсынған термин түзудің 11 принципі

[7]. Аталған қағидаттар терминжасамда қазақ тілінің бар байлығын сарқа пайдалануды көздейді.

Біз жоғарыда келтірген мысалдарды талдап қарасақ, онда терминжасамның он түрлі тәсілі пайдаланылғанын байқаймыз. Сонымен бірге жоғарыда көрнекі мысалдар ұсынылған 1, 2 және 4-тәсілдерде терминжасамның көптеген әдістері сәтті қолданылған. Осы орайда авторлардың қазақ тілінің төл заңдылықтарын орынды тұтынып, ұлттық тілдік қор байлығын сарқа пайдаланғандықтарына куә боламыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі кезде қазақ тіліндегі спорттық терминдердің қалыптасуында негізінен аударманың үстемдік етіп отырғандығын және оның өнімді арна екендігін байқаймыз. Спорт терминдерін орыс тілі арқылы баламалауда сәтті тілдік қолданымдар кездескенімен, калька аударманың көбеюі, спорт журналистері мен комментаторларының тіл мәдениетін сақтамауы, спорт саласы бойынша қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулердің әлі де аздығы және т.б. мәселелер орын алып отырғанын жасыра алмаймыз. Терминдердің варианттылығы, бірнеше баламасының қатар жарыса қолданылу фактісі де етек алған құбылыстар қатарында. Бұл терминдердің түпкілікті орнықпауын, соның салдарынан бірқатар мағына бұлдырлығын туындатып отырған жайттер екендігі белгілі.

Сондықтан қазақ тілінде спорт терминдерінің қолданысын арттыру мен дамыту мақсатында төмендегідей шараларды қолға алған жөн деп есептейміз.

1. Спорт саласы терминдерінің осы кезге дейін жарыққа шыққан әр түрлі сөздіктерін жинақтап, арнайы ғылыми сараптамадан өткізу. Соның негізінде терминологиялық сөздік түзуге қойылатын ғылыми шарттар мен талаптарға сүйене отырып, сөздік түзудің жаңа критерийлері мен өлшемдерін белгілеу қажет. Іріктелініп алынған осы өлшемдерге сай спорт терминдерінің қос тілді (орысша-қазақша) сөздігін толықтырып, тиісті мамандардың талқысынан өткізіп, қайта шығарған орынды.

2. Аталған сөздікті спорт саласы бойынша зерттеумен шұғылданып жүрген ғалымдар, оқытушылар, спортшылар, бапкерлер (жаттықтырушылар), спорт журналистері кеңінен қолданысқа енгізуі қажет. Сонымен қатар спорт саласы бойынша зерттеушілер өз зерттеулері нәтижесінде ашылған жаңа спорттық құбылыстар мен заңдылықтарға қазақша атаулар бергендері

абзал. Бұл ретте қазақ тілінің терминжасам қағидалары мен заңдылықтарын басшылыққа алуы тиіс.

3. Сол секілді Қазақстан спортына арналған салалық энциклопедия түзу де өзекті. Бұл өз кезегінде спорт саласындағы жетістіктер мен ғылымды жүйелеуге, инвентаризация жасауға, терминдер мен ұғымдарды орнықтыруға жол ашар еді.

4. Спорттың түрлі салалары бойынша базалық және қосалқы оқулықтарды, оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға басымдық беру қажет.

Сондай-ақ, спорт саласы бойынша қазақ тілінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді арттыру, ол үшін ғалымдарды ынталандыру шараларын қолға алған жөн. Осындай кешенді шаралардың нәтижесінде жалпы орта білім беру мектептерінен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықта спорт және дене шынықтыру пәндерін қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету тиісті мемлекеттік уәкілетті мекеме қызметінің басым бағытына айналуы тиіс деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Досқараев Б. М. История физической культуры в Казахстане: учебное пособие для студентов высших педагогических заведений. – Алматы, 2014. – 226 с.; Бегімбетов Г., Исхан Қ. Ат спорты. – Алматы: Нур-Принт, 2012. – 370 б.; Акшураев А. Тоғуз-қумалақ. – Алма-Ата: Казахстан, 1979.
- 2 Дене шынықтыру мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: VII қысқы Азиялық ойындарға арналған (Астана-Алматы 2011 ж.): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 114 б.; Мұстафин С. Ауыр атлетика: оқулық. – Алматы: «Баянжүрек», 2012. – 260 б.; Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі – Теория и методики физической культуры. Ғылыми-теориялық журнал – Научно-теоретический журнал (2000-2016 гг.); Вестник физической культуры.
- 3 Алексеев К.А. Спортивная журналистика: учебник для магистров. – М.: Издательство Юрайт, 2014. – 427 с.
- 4 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы № 490 «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңымен күші жойылған); Программа развития физической культуры и спорта в Республике Казахстан на 2011 – 2015 годы и др.
- 5 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.
- 6 Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.Қ. Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі (қазақша-орысша, орысша-қазақша). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2009. – 480 б.
- 7 Қайдар Ө.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 46 б.

Иманбаева А.А.

Қазақтың спорт және туризм академиясы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

СПОРТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫ СПОРТ АРҚЫЛЫ ДАМУДАҒЫ ЕЛІМІЗДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Иманбаева А.А.

Спорт әлеуметтануының теориялық проблемалары және тұлғаны спорт арқылы дамытудың еліміздегі мүмкіндіктері

Аңдапта. Мақалада қазіргі кездегі отандық ғылымдағы өзекті тақырыптардың бірінен саналатын спорт әлеуметтануының теориялық зерттелу деңгейі жайлы, еліміздегі зерттелу мүмкіндіктері мен еліміздегі тұлғаның тәрбиесін қалыптастырып, дамытудағы спорттың рөлі қарастырылады.

Түйін сөздер: спорт әлеуметтануы, бұқаралық спорт, олимпизм, паралимпиада, тұлға, имитация.

Иманбаева А.А.

Теоретические проблемы социологии спорта и его роль в развитии личности в казахстанском обществе

Аннотация. Данная статья посвящена теоретическим проблемам социологии спорта, что является одной из актуальных тем в отечественной науке, а также роли физической культуры в развитии личности в современном казахстанском обществе.

Ключевые слова: социология спорта, массовый спорт, олимпизм, паралимпиада, личность, имитация.

Imanbayeva A.A.

This article is devoted to theoretical problems of sociology of sport and its role in the development of personality in Kazakhstan society

Abstract. This article is devoted to theoretical problems of sociology of sport that is one of the topical issues in the domestic science, and the role of physical culture in the development of personality in the modern Kazakh society.

Key words: Sociology of sport, mass sport, Olympism, Paralympics, identity, imitation.

Кіріспе

Қазақстан жеке мемлекет болып қалыптасқалы бері 25 жылдың ішінде әртүрлі бағыттағы саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалар жүргізуде. Қазақстан президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен, елімізде спортқа ерекше көңіл бөлініп, спортты мемлекеттік маңызы бар басым бағыттар деңгейіне көтеріп, назар аударып келеді. 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында Елбасы 2020 жылға дейінгі дамудың стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде қазақстандықтардың денсаулығын нығайтуды басты міндет деп алдыға қойған

болатын. Халқымыздың салауатты өмір салтын сақтауына, тұрғындардың денсаулығының жақсаруына, жалпы жеке тұлғаның қалыптасуына спорттың әсері айтарлықтай зор болып табылады. Сондықтан Қазақстан спортының қазіргідей дәрежеге жетуі, ол тікелей спорт саласына деген мемлекетіміздің ерекше бағыт ұстанып келе жатқандығының нақты нышаны.

Мақсаты. Спорт әлеуметтануының негізгі маңызын қарастыра келе, Қазақстандағы жастарды спорт арқылы тәрбиелеуді маңызды факторлардың бірі ретінде жан-жақты зерттеу.

Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы. Мақалада салыстырмалы, тарихи, жүйелеу, талдау, әлеуметтік, болжамдық, ғылыми объективтілік тәсілдері қолданылды. Теориялық

тұрғыдағы зерттеулермен қатар, тәжірибеде орын алып жатқан әлеуметтік құбылыстармен байланыстыра отырып, соның негізінде зерттеу жұмысы орындалды. Зерттеуде «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, зерттеу тақырыбы бойынша арнайы әдебиеттер, интернет-сайт мәліметтері пайдаланылып, оларға талдау жасалынды.

Жалпы спорт әлеуметтануының анықтамасы мен зерттелу деңгейіне келсек, оны алғаш рет теориялық тұрғыдан зерттеу шетел ғалымдарының еңбектерінде орын алған болатын.

1921 жылы Г. Риссе «Спорт әлеуметтануы» атты кітап жазып, тұңғыш рет спорт әлеуметтануы деген ұғым қалыптастырды. Спорт әлеуметтануымен алғашқылардың бірі болып, Францияда – Ж. Дюмадзье, Ж. Мейно, Англияда – П. Макинтош, АҚШ-та – Г. Люшен, Г. Кеньон, Германияда – Г. Плеснер, Г. Ленка және т.б. айналысты. 1964 жылы спорт әлеуметтануының Халықаралық комитеті құрылды. Варнада (1970 ж.) өткен 7 дүниежүзілік әлеуметтанулық конгресте тұңғыш рет «спорт әлеуметтануы» жұмыс тобы дүниеге келді. КСРО-да 1927-1928 оқу жылдары Ленинградтағы Лесгафт атындағы дене шынықтыру институтында, дене шынықтыру негіздерінің әлеуметтану кафедрасы ашылып, «Дене шынықтыру негіздерінің әлеуметтануы» пәні оқытыла бастады. Дене шынықтыру мен спорт әлеуметтануы бойынша 1-ші диссертацияны 1951 жылы Н.И. Пономарев қорғады.

ТМД елдерінде де спорт әлеуметтануы мәселелерімен күні бүгінге дейін зерттеушілер айналысып келе жатыр. 1994 жылы Қазақ дене шынықтыру институты атынан авторлар М. Таникеев, О.Н. Белоус және С.М. Фридманның құрастыруымен «Дене шынықтыру және спорт әлеуметтануы» оқу құралы басылып шықты. 2004 жылы Мәскеуде Л.И. Лубышеваның «Социология физической культуры и спорта» оқу құралы екінші рет жарыққа шықты [1,1316].

Қазіргі таңда Ресейде спорт әлеуметтануының барлық мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Көптеген монография, ғылыми мақалалар мен зерттеулер жүргізіп келе жатқан П.А. Виноградов, А.Э. Григорьянц, В.Д. Гончаров, А.Г. Егоров, В.И. Жолдак, Л.И. Лубышева, В.А. Пономарчук, М.И. Сергеев, В.И. Столяров, В.Н. Супиков, Ю.А. Фомин және т.б. ғалымдардың зерттеулері жарық көріп келеді. 1966 жылдан бастап Халық-

аралық комитет, спорт әлеуметтануы бойынша халықаралық конференциялар, симпозиумдар және семинарлар өткізіп келеді. Алғашқы семинар 1966 жылы ГФР-да Кельнде «Спорттағы топтар және кіші топтарды зерттеу» тақырыбында өткен болатын. 1978 жылы Упсалада өткен IX Халықаралық әлеуметтанушылар конгресінде, спорт және әлеуметтік даму, спорт әлеуметтануының методологиялық проблемалары, спорт, саясат және халықаралық қатынас тағы басқа тақырыптардың мәселелері көтерілді. Әлеуметтану қазіргі кезде күрделі құрылымнан тұратын қоғамдық ғылым. Ол қоғамдағы әртүрлі мәселені көтерумен қатар, өзекті мәселелер қатарына жататын спорт әлеуметтануында қарастырады. Спорт әлеуметтануы – спорттық жарыстар мен оларға дайындық, спорттың түрлері (спорт баршаға, жоғары нәтижелер спорты, олимпиадалық спорт, балалар-жасөспірімдер спорты, ардагерлер спорты, мүмкіндігі шектеулі жандардың спорты және т.б.), сонымен қатар спортпен байланысты дене тәрбиесі, дене мәдениетін, олимпиадалық қозғалысты және т.б. кешенді түрде зерттейді [2].

Байқазанымыздай, спорт әлеуметтануын кешенді зерттеу, өкінішке орай елімізде кенже қалып келе жатқан мәселелердің бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл салада ғылыми зерттеулер отандық ғылымда (спорт және әлеуметтану саласында) мүлде жоқтың қасы деп айтуға болады. Біз жоғарыда атап өткен ғалымдардан бөлек бүгінде, спорт әлеуметтануымен жеке шұғылданып, ғылыми мақалалар жазып, зерттеу жүргізумен айналысатын қазақстандық зерттеушілеріміз қатары аз. Демек, спорт әлеуметтануы отандық ғылым саласы үшін өзекті, әрі ауқымды мәселелерден тұратын тың зерттеулерді қажет ететіндігі байқалады.

Батыс және ресейлік зерттеушілер спорт әлеуметтануының тың тақырыптарынан диссертациялар қорғап, монографиялар, ғылыми мақалалар жазып бұл саланың дамуына үлес қосуда. Біздің отандық ғылыммен айналысып жатқан зерттеушілер үшін де тағы бір кезек күттірмес тақырыпты тың деректерге сүйене отырып, спорт әлеуметтануын сонау Қазақ хандығы кезіндегі кеңінен қалыптасып, дамыған спорт түрлерімен сабақтастыра отырып, бүгінгі күнмен байланыстыра қарастырса тақырыптың өзектілігін одан әрі аша түседі. Мәселен, Ж. Сәр-

сенованың «Әлеуметтану» оқулығында: спорт әлеуметтануы, әлеуметтанудың арнайы бір бөлімі ретінде қарастырылған. Спорттың тұлғаны қалыптастырудағы рөлі, гендерлік спорт, спорттағы әлеуметтік жұмыс т.б. тақырыпшаларға тоқтала отырып, автор түрлі қорытындылар жасаған. Айта кетерлігі, бұл жерде де спорт әлеуметтануын-дағы отандық мәселелер көтерілмеген. Қазақтың спорт және туризм академиясында шәкірттерді оқыту-тәрбиелеу саласында 2005-2007 жылдары Спорт әлеуметтануы жоғары оқу орнында бекітілген пән ретінде оқытылып келген болатын. Дегенмен, қазір оқу бағдарламасынан бұл курс алынып тасталынды. Кейін жарық көрген Әлеуметтану пәні бойынша, ҚР типтік бағдарламасында да бұл тарауға мән берілмеген. Осы олқылықтар орнын толықтыру үшін, спорт әлеуметтануымен шұғылданатын мамандар көкейкесті мәселелерді қозғап, спорт әлеуметтануы тақырыбына қатысты ғылыми проблемаларды кеңінен қарастырса, отандық ғылымда серпіліс болар еді. Және де мұндай зерттеулер әлеуметтанудың бұл бөлімінің қалыптасып, дамуына үлес қосатын терең ғылыми зерттеулерге негіз болар тың мәселелердің бірі болып табылады.

Ал, Л.И. Лубышева «Дене шынықтыру мен спорт әлеуметтануы» курсының мақсаты мен міндеттерін былай анықтайды: «...дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік мәні, қоғамдық құбылыс ретінде оның пайда болуы мен дамуы, қазіргі қоғамдағы рөлі мен маңызы және қызметі, мәдениетпен, саясатпен, экономика және басқа әлеуметтік құбылыстармен өзара байланысы жөнінде терең, әрі жан-жақты қалыптастыру» деп көрсетеді. Дене шынықтыру адамға әсер етіп, оны тәрбиелейді, өзгертеді, дамытады. Екіншіден, жеке тұлға мәдениеттің субъектісі, дене шынықтыру мәдениетін дүниеге келтіруші, оның жасаушысы. Үшіншіден, жеке тұлға жеке өзінің қоғамдық мәдениеттің таратушысы болып табылады. Тұлғасыз мәдениеттің болуы мүмкін емес [1,132б].

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау. Спорт әлеуметтануындағы тағы бір ерекшелік – тұлғаны спорт арқылы қалыптастырып, дамыту болып табылады. Тұлғаны спорт арқылы дамытуындағы тәрбиенің бір түрі олимпизм принциптеріне сәйкес болуға тиісті олимпиадалық тәрбие болып табылады. Олимпиадалық тәрбиенің негізгі міндеті

– жоғары сапалы спортшыны дайындау. Олимпиадалық тәрбие арқылы тәрбиелеу негізіне грек қоғамындағы азат азаматты тәрбиелеуді алады.

Олимпизм ұғымын 1912 жылы Пьерде Кубертен енгізген. Олимпизм идеясы дене шынықтыру мен қалыптастыру ұғымынан кең. Олимпизмде спорт бейбітшілікке, достық пен тұлғаның жан-жақты дамуына жеткізу құралы ретінде қарастырылады [1,139 б]. Демек, тұлға спорттың қарыштап дамуына да түрткі болатын нышанның бірі деуге болады. Спорт арқылы өзін қалыптастырған тұлға, сол өзі шұғылданып отырған спорттың түрін, дәрежесін өз бойында одан әрі дамытуға күш салатыны белгілі. Бұдан қорытынды жасасақ, тұлға әлеуметтік басқа да мүмкіндіктерді игере отырып, спорт әлеуметтануының басты объектісіне айнала алады деп айтуға болады.

Тұлғаны спорт арқылы тәрбиелеуді негізге ала отырып, көптеген батыс және ресейлік зерттеушілер теория мен практиканы байланыстырып зерттеулер жүргізген болатын. Тұлға спорт арқылы өзін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар қоғамдағы басқа да адамдардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, спорт жанкүйерлерін қалыптастырып көпшілік назарын өзіне аударта алатындығын ерекше атап өткен жөн.

Ресейлік зерттеушілердің пікірінше, спорт әлеуметтік институт ретінде, спортшылар, банкерлер, жанкүйерлер, спорт шенеуніктері сияқты әлеуметтік-кәсіби топтардың қызмет саласы болып есептеледі [3]. Яғни, бұдан спорттың мақсаттары мен мүдделі бір топтарды біріктіретін әлеуметтік институттың да белгілі бір қызметін атқаратындығын байқауға болады.

Тұлғаның әлеуметтенуіндегі «имитация» терминін дәл осы жерде алып қарастырсақ, қоғамдағы спортқа деген қызығушылығы басым жасөспірімдер мен жастар арасында спорттағы жеңіс тұғырына көтерілген спортшылар, спорт мансабын жалғастыруға түрткі болады.

Оған дәлел ретінде, жақында ғана Рио олимпиадасындағы жеңіспен оралған отандық спортшыларымыздың қол жеткізген нәтижелері еліміздегі жастардың спортқа деген қызығушылығына мотивация болғаны нақты екені анық. Бұл арада бұқаралық спорттың да қоғамда кеңінен таралып келе жатқандығының да дәлелі бола алады. Елбасы бұқаралық спортты

дамыту арқылы, ұлттың болашағын айқындауды ерекше атап өткен болатын.

2014 жылғы 3 шілдеде Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заңды қабылдау мақсаттары мыналар болып табылады:

- дене шынықтыру және спорт саласындағы базалық құқықтық құжатты жетілдіру;

- дене шынықтыру мен спорттың орнықты жүйесін және аталған салада тиімді мемлекеттік басқаруды құру;

- спортта допингтік құралдарды және (немесе) әдістерді пайдалануға қарсы іс-кімилдың құқықтық тетіктерін жасау;

- дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін жүйелендіру;

- спорт саласындағы ескірген, тиімділігі төмен құқық нормаларын ауыстыру;

- осы саланы құқықтық реттеудегі олқылықтарды толықтыру.

Заң дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық спортты дамытудың құқықтық тәсілдері мен тетіктерін айқындайды.

Әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарлар:

- бұқаралық дене шынықтыруды, әуесқой және кәсіпқой спортты дамытуға ықпал ету;

- спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру;

- қоғамда дене шынықтыру-спорттық бұқаралық қозғалысты дамыту;

- спортшыларды ынталандыру шараларын арттыру жастардың спортпен шұғылдануына және жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізуіне ықпал ететін болады;

- спортты дамытуға қойылатын қазіргі заманғы талаптар дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың санының артуына, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуіне, жоғары дәрежелі спортшылардың әлеуметтік кепіліне ықпал ететін болды.

Заң теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкелмейді [4].

Біздіңше, дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, спортқа деген мемлекеттің қолдауы жастарды жігерлендіріп, дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, патриоттық сезімдерін одан ары нығайтуға мүмкіндік туғызады. Елімізде спортқа деген қолдау Елбасы тарапынан айрықша назарға алынып келе

жатқан бағыт екендігін біз жоғарыда атап көрсеттік. Соның нақты бір дәлелі ретінде, жақында ғана Риодағы жазғы олимпиададан кейін ашылған паралимпиадада жеңіс тұғырына көтерілген жүзуден 100 м қашықтықта әлем рекордын жаңартқан Зүлфия Ғабидулина мен пауэрлифтингтен күміс медаль иегері атанған Раушан Қойшыбаеваның мемлекет тарапынан берілетін сыйақысы Рио олимпиадасының жеңімпаздарының сыйақысымен теңестірілгендігі. Яғни, мемлекет тарапынан жеке тұлғалардың спорт саласындағы жеткен жетістіктері тең, әрі әділ бағаланатындығын көрсетті. Олар мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы талай жастардың спортта алдыға қарай ұмтылуына үлкен жігер болатындығы анық.

Қорытынды

Қорыта келе, біз спорт әлеуметтануын елімізде тәжірибеге енгізу үшін мынадай шараларды қолға алған жөн деп төмендегідей ұсыныстар білдіреміз:

Біріншіден, спорт әлеуметтануын теориялық тұрғыдан зерттеуді жүзеге асыруды қолға алу. Теориялық-методологиялық тұрғыдан зерттелген спорт әлеуметтануы туралы отандық зерттеулерді жетілдіру қажет. Арнайы осы тақырыпқа семинарлар, конференциялар өткізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болатын проблемаларды көтеріп, зерттеушілердің қызығушылығын арттыру шараларын қолдану қажет.

Екіншіден, оқыту саласында білім беру бағдарламаларына спорт әлеуметтануын енгізіп, жеке пән ретінде оқытылуын қолға алған жөн. Спорт әлеуметтануының еліміз үшін маңызын, қоғамды патриотизм рухына жетелейтін бағыт екендігін мәлім ету үшін әртүрлі ақпарат құралдарына үндеулер, мақалалар беру арқылы жүзеге асырылғаны дұрыс деп есептейміз.

Үшіншіден, бүгінгі таңдағы спорт әлеуметтануының маңыздылығын ескере келе, басқа елдер тәжірибесімен алмаса отырып, оны ғылыми тұрғыдан жетілдіру үшін, академияда өтетін халықаралық конференцияларда арнайы секциялар өткізіп, елімізде шығарылатын спорт бағытындағы мерзімді баспасөздерде, журналдарда, тіпті академияда шығатын ғылыми бағыттағы журнал-налы-мыздың өзіне «Спорт әлеуметтануы» атты ғылыми айдар ашуды ұсынамыз. Себебі, елімізде әлеуметтік желілердің өзін-

де бұл тақырыпқа қатысты ақпарат-мәліметтер мемлекеттік және ресми тілде де қол жетімді емес. Сондықтан тақырыптың елімізде кеңінен ғылыми тұрғыдан зерттелі-

нуін қолға алумен қатар, жас мамандар, дайындалып жатқан шәкірттер үшін мәліметтердің қолжетімділігін арттыру керек деп қорытындылаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану: оқу құралы. – 2-басылым. – Алматы: Нұр-Принт, 2013. – 201 б.
- 2 //Интернет-ресурс: <http://sportwiki.to/> Стопникова Е.В. Социология спорта. Координационный комитет спартианского движения, Россия.
- 3 //Интернет-ресурс: <http://mostevent.ru/> Лубышева Л.И. Социология физической культуры и спорта.
- 4 //Интернет-ресурс: <https://tengrinews.kz/zakon/kaz/> Қазақстан Республикасының Заңдары. – Астана, 2014.

Худайбергенова Н.Т.

Казахская академия спорта и туризма,
Республика Казахстан, г. Алматы

АССОЦИАТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ-СПОРТСМЕНОВ

Худайбергенова Н.Т.

Ассоциативный метод обучения иностранному языку студентов-спортсменов

Аннотация. Статья посвящена применению ассоциативного метода обучения иностранному языку студентов Казахской академии спорта и туризма. В ней отражены преимущества использования ассоциативного метода. Автор представил результаты эксперимента, показывающие эффективность ассоциативного подхода.

Ключевые слова: ассоциативный подход, мотивация, неязыковой вуз, фонетические (звуковые) ассоциации.

Худайбергенова Н.Т.

Спортшы-студенттер арасында шетел тілін оқытудың ассоциативтік әдісі

Аңдапта. Бұл мақала қазақ спорт және туризм академия студенттері арасында шетел тілін оқытудың ассоциативтік әдісін қолдануға арналады. Мақалада ассоциативтік әдісін қолданудың артықшылықтары айтылады. Автор ассоциативтік әдісін қолданудың тиімділігін көрсететін тәжірибенің нәтижелерін ұсынады.

Түйін сөздер: ассоциативтік әдіс, уәждеме, тілдік емес ЖОО-лар, фонетикалық (дыбыстық) ассоциация.

Hudaibergenova N.T.

The associative method of teaching foreign language among the students-sportsmen

Abstract. The article deals with the application of the associative method of teaching foreign language in the non-linguistic higher education institution among the students of our academy. The advantages of using associative method are presented in the article. The author represented the experimental results demonstrating the effectiveness of the associative approach.

Key words: associative approach, motivation, non-linguistic higher education institution, phonetic (sound) associations.

Введение

В настоящее время происходит пересмотр традиционных методов и приемов преподавания иностранных языков в высших учебных заведениях [1]. В методике преподавания иностранных языков, помимо традиционных, появляются и нетрадиционные методы обучения, представляющие собой альтернативу традиционной классической системе. Педагогическая практика показывает, что студенты неязыковых вузов часто испытывают затруднения при обучении иностранному языку и теряют интерес к его изучению. Предполагается, что нетрадиционные методы обучения будут способствовать формированию мотивации обучения иностранным языкам

в неязыковых вузах [2]. «Нетрадиционные методы обучения формируют у обучающихся способность к саморазвитию и самообразованию» [3].

Целью данной статьи является рассмотрение именно нетрадиционных методов.

Методы и результаты исследования

Одним из нетрадиционных методов при изучении иностранного языка является ассоциативный метод, направленный на более продуктивное овладение иноязычным лексическим материалом.

Изучением применения ассоциаций в процессе овладения языком занимался профессор Стенфордского университета Р. Аткинсон, ко-

торый предлагал запоминать слова, применяя «Keyword method» («Метод ключевых слов»). «Ключевые слова» у Аткинсона – это не что иное, как слова, являющиеся фонетическими (звуковыми) ассоциациями к запоминаемым словам, слова-созвучия. Эксперименты Аткинсона доказали высокую эффективность применения этого способа запоминания иностранных слов. Согласно этому методу, к каждому слову придумывается своя словесная и визуальная ассоциация, которая всплывает сразу же после того, как человек сталкивается с таким словом.

Существует два основных подхода при обучении лексике при помощи метода ассоциаций: метод фонетических ассоциаций и метод наводящих ассоциаций. Метод фонетических (звуковых) ассоциаций основан на запоминании иностранных слов при помощи созвучных слов родного языка [4].

Метод исследования фонетических ассоциаций помогает быстро запомнить значения слов, если руководствоваться следующими правилами:

- количество информации, запоминаемой за один раз, должно быть строго ограничено. Даже небольшое ее увеличение приводит к частичному или полному забыванию;

- наша память способна за один присест принимать от 2 до 26 единиц информации;

- единица запоминаемой информации должна быть как можно длиннее (блок слов или словосочетание). Тех, кто учит или заставляет учить одиночные слова, надо наказывать за растрату времени и памяти в особо крупных размерах;

- после процесса усвоения информации обязательно должна быть пауза, в течение которой необходимо максимально разгрузить мозг от умственной работы.

Преимуществом метода фонетических ассоциаций является развитие образного мышления. Занятия проходят разнообразно, мотивируют к получению рефлексивных знаний, формируют яркие запоминающиеся образы. У обучающегося создаются автоматические связи между образами или ситуациями, словами и выражениями. Считается, что применение данного метода на уроке иностранного языка стимулирует речевое общение, способствует более уверенному и эффективному использованию иностранного языка в сфере иноязычной профессионально ориентированной деятельности. Данный метод способствует формированию у учащихся коммуникативной компетенции, т.е. овладению видами речевой деятельности, необходимыми для понимания норм речевого поведения, адекват-

ных целям и ситуациям общения: «способность к коммуникации в устной и письменной формах на иностранных языках для решения задач межличностного и межкультурного взаимодействия» [1].

